

ҚАДИШАНЫҢ РӨЛІ ТУРАЛЫ

Қадишаның ролін ойнағанда сүйгеніне бара алмаған, әке-шешесі басқаға кірме болып отырған, панасыз кедейдің қызы болса, екінші жағынан, өзінің жауын, досын ажырата білетін, шындасып келгенде, дұшпанымен белдесіп күресуге жарайтын әйелдің келбетін толық көрсете алу керек болады. 1916-жылғы қазақ елінің патшаға қарсы көтерілісі, онымен бірге елді құлдандырып келген болысқа қол көтеруі жалғыз еркектер бостандығын ғана көксеген қозғалыс емес. Талай ғасырдан бері жаншылып келген әйелдердің зардабы, уығы кегінің сыртқа тепкен кезі еді. Міне, сондықтан 1916 жылғы көтерілісте әйелдер ескі салт-сана, ғұрыпты сыпырып тастап, қолдарына бақан алып, еркектермен бірге күшті қарсылық жасады. Сол әйелдердің алдыңғы қатарында болған Қадиша алдай да біледі, сүйе де біледі, уәдесінде тұра да алады, дұшпанымен күресе де алады. Осы айтылған жағдайларды Қадишаның басына сыйғызып, сол дәуірдегі шындықты, қазақ елінің трагедиясын Қадиша арқылы бүгінгі жұртшылыққа жеткізу – менің актерлік міндетім. Қадишаны ойнағанда, сондай дұшпандарды Қадишаның емес, дәл өзімнің дұшпанымдай қылып өзіме қарсы қоям. Оларды алдасам да, арбасам да, шындап алдағым келіп тұрады. Қадишаның ролін осылай орындаймын. Былай қарағанда, Қадиша онша ауыр рөл емес, бірақ оқиғаны жақсы білгендіктен, ойымнан қосып, үлкен рөлдің бірі қылып ойнап жүрмін. Маған Қадишаның әндері қиын емес. Әнді шын өмірге кіріп, шын қиналып тұрып айтқанда, адамға қиындық келтірмейтін сияқты. Қыз Жібектің әндерін айтқанда, кейде өзімді концертте тұрғандай сезем. Ал Қадишаның әнін айтқаным да, сөзбен ойнап тұрғаным да бірдей, қайта ән салғанда оқиғаға тереңдеп кіріп кеткенімдей сезем. Әрине, жетпеген жерлері де бар шығар. «Жалбыр» – жақында ойнай бастаған пьесамыз. Оны енді Мәскеуге барып ойнау алдында тағы да тереңдеп меңгеруге тырысамын.

«Социалды Қазақстан», 1936, 14 сәуір